

Қартабаева Е.Т.
**Ахмет-Заки Валиди Тоған –
түркітанушы ғалым**

Ахмет-Заки Валиди Тоған – көрнекті саяси және қоғам қайқарткері, Башқұрт Кеңес автономиялық республикасының бастауында тұрған тұлға әрі оның алғашқы басшысы, публицист, түркітанушы-ғалым. XX ғ. 20-жылдары басталған Заки Валиди есімінің айналасындағы дау-таластар өлі күнге дейін басылмай отыр. Кеңес тарихында оған ұлтшыл деген атақ таңылып, басмаштардың басшысы ретінде шетелге қашқан сатқын ретінде қарастырылды. 90-жылдардың басында Башқұртстан тарихының қайта қаралуы басталып, көптеген оқиғаларға қайта баға беріле бастағанда Валидидің қызметі тек оң жағынан қарастырыла бастады. 1992 жылы А. Валидидің есімі республикалық ұлттық кітапханаға берілді, Башқұртстан президентінің жарлығымен 1996 жылдың 4 қыркүйегінде Валидидің және оның эмиграциядағы әріптестерінің ғылыми мұрасын елге қайтару және олардың есімін мәңгілік есте сақтау бағытындағы шаралар қолға алына бастады. Валидидің саяси қызметі осылайша әртүрлі кезеңдерде әрқалай бағаланса, ал ғалым ретінде ол қай кезде болмасын және қайда болмасын, Еуропада да, Шығыста да мойындалған. Оның өмірбаянын зерттеушілердің пікірі бір мәселеде ортақ, Валиди – аса көрнекті ғалым, тарихшы, түркітанушы және шығыстанушы болды.

Түйін сөздер: Заки Валиди, түркітану, шығыстану, тарих, эмиграция.

Kartabayeva E.T.
**Ahmed Zaki Validi is
a scientist-turcologist**

Ahmed Zaki Validi Gaughan – is a visible political and public figure, publicist, scientist-turcologist standing at the sources of creation of the Bashkir Soviet Autonomous Republic and her first head. However, the dispute about personality of Zaki Validi does not calm down beginning in 20th of XX of century until now. In Soviet history, he was given a place nationalist, forced to flee from Soviet Russia abroad, one of the leaders Basmach. In the early 90s begins creation of new history of Bashkortostan and interpretation of many events changes. In 1992 his name was appropriated to the republican national library. Decree of the President of Bashkortostan on September 4 in 1996 outlined measures to return in Bashkortostan scientific heritage of Validov and his colleague-emigrants and perpetuating their memory. His activity and works began to be considered exceptionally as positive. If political activity of Validi is estimated ambiguously, then as a scientist he got universal recognition at all times and everywhere, in Europe and in the East. The researchers of his biography are single in one, he was a prominent scientist-historian, turcologist and orientalist.

Key words: Zaki Validi, history, oriental studies, Turks, emigration.

Қартабаева Е.Т.
**Ахмет-Заки Валиди Тоған –
ученый-тюрколог**

Ахметзаки Валиди Тоған – видный политический и общественный деятель, публицист, ученый-тюрколог, стоявший у истоков создания Башкирской Советской автономной республики и ее первый руководитель. Однако, начавшиеся в 20-е годы XX в. споры вокруг личности Заки Валиди не утихают до сих пор. В советской истории ему отводилось место националиста, вынужденного бежать из Советской России за границу, одного из руководителей басмачей. В начале 90-х годов начинается создание новой истории Башкортостана, трактовка многих событий меняется. В 1992 году его имя присвоили республиканской национальной библиотеке. Указом президента Башкортостана от 4 сентября 1996 г. намечены меры по возвращению в Башкортостан научного наследия Валидова и его соратников-эмигрантов и увековечению их памяти. Его деятельность стала расцениваться исключительно как позитивная. Если политическая деятельность Валиди оценивается неоднозначно, то как ученый он во все времена и повсюду, и в Европе и на Востоке получил всеобщее признание. Исследователи его биографии едины в одном, он был выдающимся ученым-историком, тюркологом и востоковедом.

Ключевые слова: Заки Валиди, история, востоковедение, тюрки, эмиграция.

**АХМЕТ-ЗАКИ ВАЛИДИ
ТОҒАН –
ТҮРКІТАНУШЫ
ҒАЛЫМ**

Заки Валидидің ғалым ретінде қалыптасуы 19 жасында Қазандағы «Касымия» медресесінде түркі тарихынан, араб және түркі әдебиетінен сабақ беруінен бастау алады. 1912 жылы 22 жастағы тарихшының «Түркі-татарлардың тарихы» атты алғашқы ғылыми еңбегі жарық көрді. Заки Валидидің ғылыми жолы ең басынан-ақ сәтті қалыптасып, ол 1913 жылы Ресей Ғылым Академиясы атынан Ферғана өлкесіне, 1914 жылы Бұхара хандығына ғылыми іссапарға барады. Экспедиция нәтижелі болып, оның қолына бірқатар тарихи деректер – қолжазбалар түседі, бұл кейінірек «Валиди жинағы» деп аталып кеткен қолжазбалар еді.

Ахмет-Заки Валидидің ғылыми қызметінде негізгі орынды 1923-1929 жж. аралығында жазылған іргелі еңбек – «Қазіргі Түркістан және оның таяудағы тарихы» алады. Кітаптың жазылуы ұзаққа созылған дайындық кезеңінен басталды, көптеген ізденістер жасалып, материалдар жинақталды. Жоғарыда айтып кеткеніміздей, 1913-1914 жылдары ол Орта Азияда ғылыми экспедицияда болуы, ал кейінірек осы жерде, яғни Түркістанда, 1917-1922 жылдары азаттық күресіне тікелей қатысуы түркістандықтардың өмірі мен рухани әлемін жан-жақты әрі терең зерттеуге көмектеседі.

Түркістан ұлттық бірлестігі 20-жылдардың басында Валидиге Түркістандағы ұлт-азаттық күрестің тарихын жазып, оны жариялау, шетел баспасының беттерінде әлемдік қоғамдастыққа Ресей түркі-мұсылмандарының құқықтары мен талаптарын түсіндіруді тапсыру туралы шешім қабылдайды. «Орта Азияның мәселесі бір-ақ күнде әлемдік мәселеге айналады. Сол кезде біздің бүгінгі күресіміз оның негізін құрайтын болады. Мен осы қозғалыстың тарихын жазамын, материалдарым жеткілікті» – деп көрсетеді А. Валиди өз естеліктерінде [1, 73].

1923 жыл А. Валиди шетелге эмиграцияға кетіп, ғылыми қызметіне қайта оралады. Бұл қызмет 1917-1922 жылдары мемлекеттік және саяси істермен айналысуымен байланысты үзіліп қалған болатын. Ғылыми жұмыспен айналысуға мүмкіндік туа салысымен Валиди өзінің ұзақ мерзімді жұмыс жоспарын құрады. Негізгі тақырыбы: Орта Азия мен Таяу Шығыстың, Ресейдің мұсылмандары және олардың қазіргі және өткендегі саяси және мәдени өмірі. Ең алғашқы міндет – Түркістанның

қазіргі және таяудағы тарихын жазу [2]. Өзінің «Түркілер мен татарлар тарихында» А. Валиди түркілер тарихын Шыңғысханның басқыншылық жорығынан Қазан хандығына дейінгі кезеңге дейін жеткізсе, ал түркілер тарихына арналған жаңа еңбегінде ол ХІ ғасырдан өзі өмір сүріп отырған дәуірге дейін қарастыруды жоспарлайды. Автордың негізгі міндеті ұлы Түркістанның таяудағы тарихын зерттей отырып, түркі халықтарының әлемнің басқа халықтары арасындағы орнын анықтау болды. Автор әсіресе, Түркістанның ХVІ ғасырдан кейінгі тарихына – құлдыраудың басталуы, бұрынғы күш-қуатынан айрылу уақытысына және ХІХ-ХХ ғасырдың басындағы әлеуметтік, саяси жағдайына ерекше көңіл аударады. Ол түркі мемлекеттерінің құлдырауының, оның кейінгі ғасырларда басқа мемлекеттердің қоластында өмір сүруге мәжбүр болуының себептерін анықтауға тырысады. Көп ұзамай Ахмет-Заки шетелдік ғалымдардың еңбектерінде Түркістан халқының тарихы біржақты қарастырылып жүргенін байқайды. А. Валиди В. Григорьев, Ф. Шварц, Денисон Росс, Масальск, Махашик, тіпті В.В. Бартольдтың да кейбір пікірлерімен келіспейді. Бұл еңбектерде ғұндар және көктүріктер өз жерлеріне тек VIII ғасырда, арийліктерден немесе олардың ұрпақтарынан кейін, түркіленген ирандықтардан кейін қоныстанды деп көрсетілді. Сондықтан да түркі профессоры үшін ең бастысы – тарихи шындықты қалпына келтіріп, тарихтың осы саласындағы біржақты бағытты айыптау болды [3, 174].

«Қазіргі Түркістан және оның таяудағы тарихы» алғысөзден, бес тараудан және соңғысөзден тұрады. Бірінші тарауда Батыс Түркістанның географиялық орналасуы мен шекарасы көрсетіледі, Каспий (Хазар) теңізінен Оңтүстік Оралға, Алтайға Тянь-Шань мен Памирге дейін созылып жатқан кең-байтақ территорияның табиғат жағдайлары жан-жақты сипатталады. «Түркістанның әкімшілік бөлінісі және оны талдау» деп аталатын екінші тарауда Түркістанның әкімшілік бөлінісі және ондағы халықтар: қазақ, өзбек, қырғыз, башқұрт және татарлар туралы жан-жақты мәліметтер берілген. Әрбір ұлт туралы статистикалық мәліметтер келтіріледі. Валиди түркілерді бірнеше топқа бөледі, соның ішінде қыпшақ тобына ерекше тоқталады. Қыпшақ тобына Валиди қазақтарды, ақсүйек өзбектерді, маңғыт-ноғайларды, башқұрттар мен татарларды жатқызады.

Қазақ, өзбек, ноғай және башқұрларға ортақ рулар ретінде қыпшақтарды, қаңлыларды, қырғыз, қатай (қытай), найман, қырай (қырайыт),

арғын, табын, барын, маңғыт, жағалбайлы, алысын, салығұт, жалайыр, қоңыраттарды атайды. Ахметзаки Валиди қыпшақ тобындағы түріктерді: қазақтар, башқұрттар, ноғайлар, өзбектер мен татарларды Дешті-Қыпшақ мемлекетінің негізгі халқы деп есептейді. Бұл рулық топтың ортақ белгілерін қазақ, ноғай және башқұрт халық ауыз әдебиетінде сақталған Едіге, Тоқтамыс, Сұра-батыр, Қобланды, Жиренше-шешен туралы жырлармен де дәлелдейді. Ноғай дастандары және Хорезм қарақалпақтары мен қазақтардың дастандары дәлме-дәл сәйкес келетіндігін көрсетеді. Үшінші тарауда ХVІ ғасырға дейінгі Түркістан тарихы сипатталады. Бұл тарауда ежелгі дәуірден Түркістанды мекендеген жергілікті халық туралы, оны арийлердің жаулап алғаны жөнінде, Түркістанның Тұран және басқа да мәдениеттермен байланысы туралы, көктүріктер және ислам жайлы, қарахандардың, моңғолдардың шапқыншылықтары, сондай-ақ Әмір Темір заманы туралы баяндалады. Сол дәуірлердегі саяси оқиғаларға үлкен мән беріледі. Түркістанның саяси жағынан әлсіреуінің себептері және дағдарыстың бастапқы кезеңі зерттеледі.

Ахмет Заки Валиди ХVІІ-ХVІІІ ғасырлардағы Түркістанда орын алған күрделі әлеуметтік, тарихи оқиғаларға жан-жақты тоқталады. Шығыстан Қазақстан мен Орта Азия территориясына калмақтардың шапқыншылығы, солтүстіктен Ресейдің қысымы күшеюімен байланысты күрделі жағдайлар хандықтардың ыдырауының басты себебі болғандығы көрсетіледі. Сондай-ақ осы тұста Оңтүстіктен Түркістан жеріне Ауған билеушісі Нәдір-шах баса-көктеп кіреді. А. Валиди еңбегінде осы дәуірдегі Түркістанның тарихын жүйелі түрде баяндауға тырысқан. Еңбектің «Отарға айналған Түркістанның саяси өмірі» атты төртінші тарауында тарихшы-ғалым Ресейдің ХVІ-ХVІІІ ғасырлардан бастап ХХ ғасырға дейінгі отарлық саясатын, башқұрт, қазақ, өзбек және басқа да Түркістан халықтарының ұлт-азаттық күресін тәкпіштеп баяндайды.

Автор 1917 жылдан кейінгі Ресей тарихына арнайы тоқталады, ол өзі белсенді түрде қатысқан Түркістандағы саяси оқиғаларды жан-жақты қарастырады. Еңбектің соңында автор ғалым-саясаткер ретінде Кеңес империясының отарлық саясатының мәні мен мақсатына, Түркістанның халықаралық жағдайына талдау жасайды. Ол Түркістанның болашағы туралы гипотеза жасап, оны негіздейді [4]. Жалпы көлемі 615 беттен тұратын кітап Вена қаласында 1929 жылы 10 қазанда жазылып бітеді.

3. Валидидің «Қазіргі Түркістан және оның таяудағы тарихы» атты іргелі еңбегін қазіргі Қазақстан тарихшылары да терең зерттеуі қажет деп ойлаймыз. Өйткені онда түркілер тарихының әлі күнге дейін өзекті болып отырған бірқатар мәселелері алғаш рет қарастырылған. Атап айтқанда, бұл – түркі халықтарының шығу тегі, мемлекеттік құрылымының ерекшеліктері, түркілердің ежелден қоныстанған мекені, ежелгі сақтардың этникалық шығу тегі және т.б. мәселелер.

А.З. Валиди шынайы тарихшы ғалым ретінде археология, текстология, палеография және библиография саласында да қыруар жұмыс атқарды. Ол шынайы тарихшы, зерттеліп отырған дәуірге қатысы бар барлық деректерді бес саусағындай біліп қана қоймай, оларды терең түсінуі және түсіндіре алуы тиіс деген пікірде болды. Тарих ғылымы іс жүзінде эвристикадан, яғни деректерді іздеп, табудан басталатыны белгілі. Маңызды тарихи деректерді, бұрын белгісіз болып келген құнды құжаттарды табу тарих ғылымындағы үлкен жаңалық, нағыз ғылыми ашылым болып табылады. Ахмет-Заки Валиди бұл мәселеде де бағы жанған ғалым болды. Ол ғылым үшін құнды тарихи ескерткіштер ашқан ғалым. Осындай ашылымдардың бірі Х ғасырдағы араб саяхатшысы Ибн Фадланның сапар жазбаларының түпнұсқасы болып табылады.

Ибн Фадлан жазбасы көшірмесінің кейбір үзік-үзік бөліктері ортағасырлық географ Якут Хамауидің 1215-1229 жж. жазылған «Географиялық сөздігінде» кездеседі. Алты-жеті ғасыр ешкімге белгісіз бұл жазбалар мұрағаттарда шаң басып жатқан болатын. Тек өткен ғасырдың басында ғана Еуропа тарихшылары оларға қызығушылық таныта бастады. 1824 жылы Данияда «Атхепе» журналында тарихшы Я. Расмуссеннің «Арабтардың Скандинавиямен және Ресеймен байланыстары және саудасы» атты мақаласы жарияланады, онда алғаш рет Якуттың «Географиялық сөздігіндегі» Ибн Фадланның сапар жазбаларынан алынған мәліметтер пайдаланылды. Якуттың қолжазбасы дат саяхатшыларының қолына түссе керек. Дат тарихшысының сенсациялық мақаласы бірден-ақ швед және ағылшын тілдеріне аударылды. 1819 жылы Париждің «Азия» мұражайындағы Руссо қорынан Якуттың еңбегінің толық қолжазбасы табылды. Неміс ғалымы Фрейн осы қолжазбаның негізінде «Ибн Фадлан башқұрттар мен хазарлар туралы», «Ибн Фадлан орыстар туралы», «Ибн Фадлан болгарлар туралы» атты жекелеген еңбектер жариялады. Келесі неміс тарихшысы

Фердинанд Вюстенфельд Париж, Ыстамбұл, Берлин және Британия мұражайларында сақтаулы тұрған қолжазбалар көшірмелерін өзара салыстыра зерттеп, 1866-1873 жылдары толық ғылыми басылым – Якуттың алты томдық сөздігін жариялады. Алайда бұл басылымдар қаншалықты дәрежеде толық болмасын, олардың ешқайсысын толық түпнұсқамен ешбір салыстыруға келмейді. Оларда қалып кеткен, түсініксіз, қайта жазылған тұстар жиі кездеседі. Мұндай тұстар ғалымдардың кейбір фактілерді дұрыс түсінбеуіне және қате қорытындылар жасауына ықпал етеді.

1923 жылдың көктемінде Иранның Мешхед қаласындағы Рауза кітапханасынан А. Валиди Ибн-Фадланның өз қолымен жазылған қолжазбасын табады. Осы кезде Ахмет-Заки Валиди бірден үш бірдей құнды ашылым жасайды. Бір түптен бұған дейін белгісіз болған үш құнды түпнұсқа қолжазбалар табылады. Бұл IX ғасырда және X ғ. бірінші жартысында өмір сүрген ұлы араб географы Ибн-аль-Факихтің және IX ғ. саяхатшылар Ибн-Фадлан мен Абу-Дулафтың қолжазбалары болып шықты.

Бұл ашылым Валидидің бұдан кейінгі тағдырын анықтады десек болады. Ғылыми қызметінің кейінгі 15 жылын осы қолжазбаларды зерттеуге арнаған Валидидің шығыстанушы ғалым, мәтінтанушы және археограф ретіндегі атағы бүкіл әлемге тарады. Осы зерттеулерінің негізінде Валидидің «Ибн Фадланның сапар жазбалары» академиялық басылымы неміс тілінде жарық көрді. Өз еңбегінің нәтижесін көрген Валиди: «Ибн Фадланның сапар жазбалары аяқталғаннан 1000 жыл өткеннен кейін, 1923 жылы Мешхедтен бұл қолжазбаны тауып, жарыққа шығарғаным үшін шексіз бақытты болдым» – деп жазған болатын [1, 90]. Ахметзаки Валиди «Ибн Фадланның сапар жазбаларымен» 1932 жылдан бастап Австрияда, кейін Германияда көп жұмыс жасайды. 1935 жылы маусым айында Вена университетінде осы тақырыптағы докторлық диссертациясын неміс тілінде қорғайды. 1939 жылы «Ибн-Фадланның сапар жазбалары» Валидидің алғысөзімен Лейпциг қаласында неміс тілінде жеке кітап болып шығады. Бұл ғылыми басылымды Германияның және бүкіл дүниежүзінің шығыстанушылары ерекше айтулы оқиға ретінде қабылдады. Неміс ғалымы профессор Герберт Янски бұл кітапты «ғылыми шығыстанудың кіші энциклопедиясы» деп атады.

Валиди «Қазіргі Түркістан және оның таяудағы тарихы», «Түркі тарихына кіріспе» атты кітаптарын жазу барысында да ғылыми

метод және тарихтың методологиясы тақырыбының әртүрлі аспектілерін қарастырды. Тарихи зерттеулерден үлкен тәжірибе жинақтаған Валиди бұл тақырыпқа қайта оралады. Ол тарихи метод, тарихтың методологиясы және теориясы туралы кітап жазуға кіріседі. Бестомдық «Тарихи зерттеулердің» бірінші томы «тарихи зерттеулердің методологиясы» деп аталды. «Тарихи зерттеулердің методологиясы» атты монографиясында А. Валиди Тоған түркі халықтарының тарихы бойынша библиография береді, тарихтың методологиясы, философиясы және теориясы туралы жазады. Тарихты ғылым ретінде сипаттауға ерекше назар аударылады. А.З. Валидидің «Тарихи зерттеулердің методологиясы» атты монографиясына неміс ғалымы Герберт Янски өте жоғары баға берді: «Түрік жастары жалпы түрік тарихы мен мәдениетінің, тарих методологиясының білгірі Заки Валиди сияқты ұлы ғалымдарының болғаны үшін

бақытты болуға тиіс. Оның ғылыми жұмысының ерекшеліктерін көрсетсек, оның исламдық дәстүрлі ғылымды Батыс Еуропаның ғылыми зерттеу методологиясымен синтездегенін айтуымыз керек. Валидиден басқа бірде-бір ғалымнан мұндай шеберлік пен үйлесімділіктің өзара байланысын кездестіре алмаймыз» [5]. Валиди өз еңбектерінде пәнаралық зерттеулерді кеңінен пайдаланды, атап айтқанда, археология, этнография және өнертану ғылымдарының мәліметтерін кешенді пайдаланды. Осылайша ол қысқа ғана уақыт ішінде түркі тарихының бұрын ешкім бара алмаған қойнауларына еркін сүңгіді және өзінің батыл мақалалары арқылы түркі халықтарының рухани құндылықтарын әлемге танытып, түркілердің далалық империяларының құрылуына алып келген негізгі күштерді көрсетіп берді. Нәтижеде шығыстану ғылымының бұл саласы В. Бартольд, Р. Грусслерден кейін, үлкен прогреске қол жеткізді.

Әдебиеттер

- 1 Тоған З.В. Воспоминания. Борьба мусульман Туркестана и других восточных тюрок за национальное существование и культуру. – М., 1997.
- 2 Хусаинов Г.А.-З. Валиди Тоған. Перевод с башкирского Я. Бурангулова, А. Насыровой, Р. Сибгатовой. Сайт: vatandash.ru/index.php?article=107
- 3 Тунжер Байкара. Заки Валиди Тоған. – Уфа, 1998, стр.174.
- 4 Ланда Р.Г. Ахмет-Заки Валидов (Заки Валиди Тоған) как востоковед и общественный деятель. – Восток, 2000, №1.
- 5 Қараңыз: Хусаинов Г.А. З. Валиди Тоған. Перевод с башкирского Я. Бурангулова, А. Насыровой, Р. Сибгатовой. Сайт: vatandash.ru/index.php?article=107

References

- 1 Togan Z.V. Vospominanya. Borba musulman Turkestana i drugih vostochnyh turok za nacionalnoe sushestvovanie i kulturu. – M. 1997.
- 2 Husainov G.A. Z. Validi Togan. – vatandash.ru/index.php?article=107
- 3 Tunjer Baikara. Zaki Validi Togan. – Ufa, 1998.
- 4 Landa R.G. Ahmet- Zaki Validov (Zaki Validi Togan) kak vostokoved I obshchestvenny dejatel. – Vostok, – 2000, – №1.
- 5 Husainov G.A.-Z. Validi Togan. – vatandash.ru/index.php?article=107